

**6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**АЙТПАЕВА АРАЙЛЫМ РЫМБЕКОВНА**  
**«Геологиялық бұзылыстар аймағында тау-кен жұмыстарын өту кезінде**  
**лақтыруға қарсы шараларды өзірлеу»**  
**тақырыбына жазылған диссертациясына ғылыми көңесшінің**  
**ПІКІРІ**

Диссертациялық жұмыс тау-кен өндірісіндегі өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта кеншілер үшін ең үлкен қауіп – олардың табигаты мен болжай мүмкіндіктерінің жеткіліксіз зерттелуіне байланысты көмір мен газдың кенеттен лақтырылысы. Шахтада жұмыс істейтін адамдарға лақтырылыс өнімдерімен зақым келтіру қаупі таза ауа ағынын аударып, участкенің, қанаттың және бүкіл шахтаның тау-кен қазбаларын газдандыру мүмкіндігімен күштейеді.

Геологиялық бұзылыстары бар участкелерде тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде газдинамикалық құбылыстарды болжай мен алдын алушың ғылыми негізделген шараларын өзірлеу өзекті ғылыми проблеманы білдіреді, оның шешімі лақтырылыс қаупі бар қабаттарда тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған.

Осы бағыттағы ғалымдардың, зерттеушілер мен өндірішшілердің жұмысының салдары болып табылатын апарттық жағдайлардың алдын алу ісіндегі қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, талдау мен тәжірибе көрсеткендей, көмір шахталарындағы лақтырылыс қаупінің жай-куйі қауіпті құбылыстарды болжай мен алдын алу әдістерін одан әрі теориялық зерделеуді және тәжірибелік жетілдіруді талап етеді.

Жұмыс мақсаты Қарағанды бассейнінің шахталарында қауіпсіздікті арттыру және көмір мен газдың кенеттен лақтырылыстарына қарсы шараларды жетілдіру, сілем тұтастығының бұзылыс аймақтарын анықтау үшін жүргізілетін қазба мен геологиялық бұзылыс арасындағы тау-кен сілемінің кернеулі-деформацияланған күйін қалыптастыру зандалықтарын белгілеуден тұрады.

Жұмыс идеясы көмір қабаттарының беріктігі мен деформациялық қасиеттерін, қазбалар және геологиялық бұзылыстар сипаттамаларын ескере отырып, сілем тұтастығының өзгеру салдары ретінде дизъюнктивті геологиялық бұзылыстар және газдинамикалық құбылыстың пайда болуы ауданында қазбалар айналасында тау-кен сілемінің кернеулі күйін сандық модельдеуден тұрады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

- табиғи геологиялық бұзылыстың өзара әсері және тау-кен қазбаларын жүргізу арқылы сілемге технологиялық араласу салдарынан кернеу өрістерінің қалыптасу ерекшеліктері анықталды;

- дизъюнктивті бұзылыстардың болуын және орналасуын ескере отырып, газдинамикалық құбылыстар пайда болатын потенциалды аймақтарды анықтау мақсатында сандық моделдеу үшін тау-кен жыныстары механикасының теоретикалық ережелері мен беріктік теориясын қолдану мүмкіндігі дәлелденген.

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелердің ғылыми маңызы көмір мен газдың кенеттен лақтырылыстарының туындау жағдайларын қалыптастыруды теоретикалық негіздеуден, тектоникалық бұзылыстар ауданында өткізілетін қазба айналасындағы тау-кен сілемінің кернеулі күй процестерін математикалық моделдеу әдістерін әзірлеуден, геологиялық бұзылыстар аймақтарында тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде газдинамикалық құбылыстардың алдын алудың ғылыми негізделген әдістерін әзірлеуден тұрады.

Автор ғылыми-қолданбалы проблемаларды және зерттеу міндеттерін қойып, олардың шешу әдістемесін, аналитикалық және эксперименталды зерттеулерді орындаپ, тектоникалық бұзылыстар ауданында қазба айналасында тау-кен сілемінің кернеулі-деформациялық жай-күйін моделдеу алгоритмдерін әзірледі.

Ұсынылып тұрған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес келеді деп есептеймін және А.Р.Айтпаевага 6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті алдында өтініш білдіруді ұсынамын.

**Ғылыми кенесші,**

**«Әбілқас Сағынов атындағы**

**Қарағанды техникалық**

**университеті» КеАҚ «Пайдалы**

**кенорындарын қазып өндіру»**

**кафедрасының аға оқытушысы,**

**PhD**



**Н.Хуанган**